

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі
жергілікті және басқа да соттар судьяларының бос қызмет
орындарына орналасу үшін конкурс жариялайды:

Астана қаласы бойынша:

Астана қалалық соты – 1 бос қызмет орны;

Алматы ауданының № 2 аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Есіл ауданының № 2 аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Сарыарқа ауданының № 2 аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Сарыарқа аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;
мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Алматы қаласы бойынша:

Алатау аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Алмалы аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Әуезов аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Бостандық аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Медеу аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Әуезов ауданының № 2 аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Бостандық ауданының № 2 аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Жетісу ауданының № 2 аудандық соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Түркісіб аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Ақмола облысы бойынша:

Бурабай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жақсы аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жарқайың аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Көкшетау қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қорғалжын аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жақсы ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Көкшетау қаласының мамандандырылған әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

Ақтөбе облысы бойынша:

Ақтөбе облыстық соты – 1 бос қызмет орны;

Алға аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Мәртөк аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Мұғалжар аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Ақтөбе қаласының мамандандырылған әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

Ақтөбе қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Хромтау аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Алматы облысы бойынша:

Еңбекшіқазақ аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жамбыл аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қапшағай қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қарасай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Еңбекшіқазақ ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Кербұлақ ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

Талғар аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Атырау облысы бойынша:

Атырау қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Жылыой аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Исатай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қызылқоға аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Махамбет аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Атырау қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

Шығыс Қазақстан облыстық соты – 1 бос қызмет орны;

Глубокое аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жарма аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қурчатов қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қатонқарағай ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Күршім ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Семей қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Семей қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Тарбағатай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Өскемен қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Шемонаиха аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жамбыл облысы бойынша:

Мерке аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Батыс Қазақстан облыстық соты – 1 бос қызмет орны;

Ақжайық аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Ақжайық ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Зеленов ауданының № 2 аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Орал қаласының № 2 соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Орал қалалық соты (қылмыстық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Шыңғырлау аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қарағанды облысы бойынша:

Жезқазған қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қаражал қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қарқаралы аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық соты (азаматтық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Теміртау қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қостанай облысы бойынша:

Алтынсарин аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Денисов аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Жангелді аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Сарыкөл аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты – 1 бос қызмет орны;

Ұзынкөл аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қызылорда облысы бойынша:

Арал аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қазалы аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік соты – 1 бос қызмет орны;

Қызылорда қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Шиелі аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Маңғыстау облысы бойынша:

Бейнеу аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Мұнайлы аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Павлодар облысы бойынша:

Ақсу қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Ақтоғай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Май аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Павлодар қалалық соты (азаматтық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;
 Павлодар аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;
 мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Павлодар қаласының № 2 соты (қылмыстық юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Успен аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Екібастұз қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша:

Аққайың аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Мамлют аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты – 1 бос қызмет орны;

Петропавл қаласының № 2 соты (азаматтық юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша:

Шымкент қаласының Абай аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны;

Арыс аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Сайрам аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Созақ аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Түркістан қалалық соты (жалпы юрисдикция) – 1 бос қызмет орны;

Шымкент қаласының Еңбекші аудандық соты (жалпы юрисдикция) – 2 бос қызмет орны.

Барлығы: аудандық және оған теңестірілген соттар – 114 бос қызмет орны, облыстық соттар судьяларының 4 бос қызмет орны.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29-бабы 1-тармағында (аудандық және оған теңестірілген соттар үшін), 2-тармағында (облыстық және оған теңестірілген соттар үшін) көрсетілген талаптарға сай келетін азаматтарға конкурсқа қатысуға мүмкіндік беріледі.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) өтініш – Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының атына беріледі, өз қолымен анық жазылып, өтініш берушінің мекен-жайы мен байланыс телефоны міндетті түрде көрсетіледі және қолы мен күні қойылады;

Конкурсқа қатысу туралы өтініште үміткер нақты қандай бос судьялық лауазымға орналасқысы келетіндігін және тиісті соттың атауын көрсетуі қажет;

2) кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы – өз қолымен анық жазылып толтырылады.

Жоғары оқу орнының атауы дипломдағы жазуға сәйкес көрсетіледі.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер көрсетілген кезде, сондай-ақ жоғары және орта оқу орындарындағы оқу мерзімі, әскери қызмет, қосымша жұмыс қамтылады. Мекемелерді, ұйымдарды, кәсіпорындарды, сондай-ақ министрліктерді (агенттіктерді, ведомстволарды), олардың орналасқан орындарын атап өткен кезде олардың осы тұлғаның еңбек еткен уақытында пайдаланылған атауын пайдалану қажет. Тұлғаның еңбек қызметі туралы мәліметтер еңбек кітапшасындағы жазуларға және басқа да құжаттарға толық сәйкес болуы тиіс.

«Тұрғылықты мекен-жайы және телефоны» атты бағананы толтырған кезде іс жүзіндегі тұрғылықты мекен-жайы мен телефон нөмірлерін көрсету қажет (ұялы, үй және жұмыс);

3) өмірбаян – еркін нысанда, міндетті түрде өміріндегі ең маңызды кезеңдері көрсетіле отырып жазылады;

Өмірбаян күні мен қолы қойылып, өз қолымен (анық, ұқыпты) немесе машина жазбасымен не компьютерлік әдіспен толтырылады.

Өмірбаянда міндетті түрде судьялыққа кандидатқа қатысты қозғалған қылмыстық, оның ішінде кейіннен ақталу немесе ақталмау негіздері бойынша тоқтатылған істер туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) жеке куәлігінің көшірмесі. Қолданылу мерзімі өткен құжат көшірмесі ұсынылған жағдайда, материалдар қайтаруға жатады;

5) жоғары білімі туралы дипломның нотариалдық куәландырылған көшірмесі және қосымшасы;

6) еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі. құжат бауланып, нөмірленіп, нотариустың мөрімен бекітілуі тиіс.

жұмысы туралы мәліметтер еңбек кітапшасына енгізілмейтін немесе толық емес көлемде енгізілетін қызметкерлер үшін (іім, ұқк қызметкерлері, қаржы полициясы органдары), оның ішінде бұрын істегендер үшін, еңбек кітапшасының көшірмесінен басқа тиісті кадр қызметінің басшысы куәландырған қызметтік тізімінің көшірмесін немесе кадр қызметі куәландырған нақты лауазымдарын көрсете отырып, анықтама ұсыну қажет.

құқық қорғау органдарынан жұмыстан босатылған жағдайда, тұлғалар босатылу туралы бұйрықтан үзінді көшірмені ұсынады;

7) қызметтік мінездеме, онда тұлғаның кәсіби қызметіне, іскерлік және болмыстық қасиеттеріне баға берілуі тиіс. Бұл ретте, міндетті түрде көтермелеулер мен тәртіптік жазалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мінездеме бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы лауазымды тұлғаның қолы қойылып жазылады, ұйымның мөрі басылады. Бұдан басқа құжаттың мәтінінде оның берілген күні және шығыс нөмірі қойылады.

Мінездемені дәлелді себептерге байланысты ала алмаған жағдайда, жазбаша түрдегі түсініктемелер беріледі;

8) денсаулық жағдайы туралы белгіленген үлгідегі анықтама (№ 086 нысандағы), оның ішінде облыстар және Астана, Алматы қалаларының тиісті психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлері берген анықтамалар;

9) жұмыс істеп жүрген судьяларға және судьялыққа кандидаттарға сауалнама (нысан қоса беріледі).

10) 3*4 өлшемдегі түрлі түсті фотосурет.

Жұмыс істеп жүрген судьялар мен бұрын судья қызметін атқарған судьялыққа кандидаттар соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс көрсеткіштері туралы анықтаманы, тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны және аталған кезеңде келіп түскен шағымдар туралы мәліметтерді ұсынады. Жұмыс көрсеткіштері мен аталған анықтамаларға тиісті облыстық сот төрағасының қолы қойылып, осы соттың мөрімен күні көрсетіле отырып, бекітілуі тиіс. Егер кандидаттың іс-әрекетіне шағымдар түскен жағдайда, онда тиісті анықтамада әрбір шағым бойынша мағлұматтар мен қаралу нәтижесі егжей-тегжейлі (шағым иелері уәждерінің расталғаны туралы міндетті түрде көрсетілуі қажет) көрсетілуі тиіс.

Судьялыққа кандидаттар емтиханды (магистранттар үшін) не біліктілік емтиханын және тестілеуді тапсырғанын растайтын құжаттарды (нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе түпнұсқасы) тапсырады, сондай-ақ тағылымдамадан өткені туралы жалпы отырыстың оң қорытындысы болуы тиіс. Облыстық және оған теңестірілген соттардың судьялығына кандидаттар тиісті облыстық соттың жалпы отырысының оң қорытындысын (нотариалдық куәландырылған көшірмесі немесе түпнұсқасы) қосымша ұсынады. Ал жұмыс істеп жүрген судьялар үшін тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысы талап етілмейді.

Барлық ұсынылған құжаттарға қол қойылып, толтырылған немесе бекітілген күні, қажет болған жағдайларда құжаттардың шығыс нөмірі мен күні көрсетілуі тиіс.

Өтініш, кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы, өмірбаян, қызметтік мінездеме, денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтамалар, тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысы (судья болып жұмыс істемейтін облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьялығына кандидаттар үшін) берілген немесе жасалған күнінен бастап 1 (бір) жыл ішінде жарамды болады.

Аталған құжаттар осы хабарлама баспасөз бетінде жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде, конкурс өткізілетін орын бойынша мына мекен-жайға тапсырылуы тиіс: 010000, Астана қаласы, «Үкімет үйі» ғимараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі.

Кандидаттардың құжаттары тиісті түрде рәсімделмеген жағдайда, олар тапсырған адамдарға қайтарылатын болады.

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі 2014 жылғы 17 шілдеде жариялаған жергілікті және басқа соттардың судьялық бос лауазымдарына орналасуға конкурсқа қатысқан тұлғалар осы конкурс жарияланған кезеңіне 2), 3), 4), 7), 8)-тармақтарда көрсетілген

құжаттардың, сондай-ақ облыстық және оған теңестірілген соттың жалпы отырысы қорытындысының мерзімі өтіп кетпеген жағдайда тек қана хабарландырудың 1) тармағына сәйкес өтініш және 3*4 өлшемдегі түрлі түсті фотосурет ұсынады.

Осы жергілікті және басқа соттардың судьялары бос лауазымдарына конкурстың қорытындылары туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет-ресурсындағы «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі» бөлімінде орналастырылады.

Анықтама үшін телефон: 8 (7172) 74-14-52.

**Қазақстан Республикасының
Жоғары Сот Кеңесі**